

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 наурыздағы № 2 шешімімен бекітілген  
«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Басқармасы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 наурыздағы №2 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Басқармасы туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 23-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Басқарма отырысының күн тәртібінің жобасын қалыптастырады, оны және Басқарма отырысының күнін Басқарма төрағасымен келіседі, Басқарма мүшелерін және материалдарды дайындауға жауапты бөлімшелерді/қызметкерлерді Басқарма отырысының күн тәртібі мен күні туралы хабардар етеді;»;

2. 26-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша бөлімше басшысы және Басқарманың жетекшілік ететін мүшесі қол қойған түсіндірме жазба;

Түсіндірме жазба Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкестігі қатысында заң бөлімшесімен алдын ала келісілуі тиіс;

2) Ереженің № 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қоғам бөлімшесінің басшысы және Басқарманың жетекшілік ететін мүшесі қол қойған Басқарма шешімінің жобасы;

Басқарма шешімінің жобасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкестігі қатысында заң бөлімшесімен алдын ала келісілуі тиіс;»;

3. 39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Басқарма қызметі шеңберінде құжаттаманы (материалдар, хаттамалар және т.б.) ресімдеу электрондық құжат айналымын (бар болса) пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін. Электрондық құжат айналымын пайдалану кезінде барлық құжаттамаға уәкілетті тұлғалар электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы қол қояды және электрондық құжат айналымы жүйесінде электронды түрде сақталады.»;

4. Ережеге енгізілетін осы өзгерістер мен толықтырулардың № 1 және № 2 қосымшаларына сәйкес редакцияда № 1 және № 2 қосымшалармен толықтырылсын.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 наурыздағы № 2 шешімімен бекітілген  
«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Басқармасы туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға  
№ 1 қосымша

«Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 наурыздағы № 2 шешімімен бекітілген  
«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Басқармасы туралы ережеге  
№ 1 қосымша

«\_\_\_\_\_» мәселесі бойынша  
**«ҚОҚ» АҚ Басқармасы шешімінің жобасына**  
**түсіндірме жазба**

Түсіндірме жазба 1-2 парақта ресімделеді.

Түсіндірме жазбада мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- Басқарманың шешімді қарау және қабылдау қажеттілігінің негіздемесі (Қазақстан Республикасы Заңдарының, «ҚОҚ» АҚ Жарғысының, «ҚОҚ» АҚ жалғыз акционерінің және уәкілетті органдарының шешімдерінің, ішкі құжаттардың және т.б. тиісті нормаларына сілтемелер);
- шығарылатын мәселенің мәнінің қысқаша мазмұны;
- қаралып отырған мәселеге қатысты Басқарма комитеттері мен өзге де органдардың бұрын қабылдаған шешімдері/мүдделі бөлімшелердің келісімдері (бар болса);
- өзге де мәліметтер.

Қосымша (бар болса):

- 1.
- 2.

Құрылымдық бөлімшелердің түсіндірме жазбаға қол қою үлгісі:

<b>Бөлімше басшысы</b>	_____	<b>А.Ә.Т.</b>
	(қолы)	
<b>Басқарманың жетекшілік ететін мүшесі</b>	_____	<b>А.Ә.Т.</b>
	(қолы)	
<b>Келісілді: Заң бөлімшесінің басшысы</b>	_____	<b>А.Ә.Т.</b>
	(қолы)	
<b>».</b>		

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 наурыздағы № 2 шешімімен бекітілген  
«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Басқармасы туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға  
№ 2 қосымша

«Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 наурыздағы № 2 шешімімен бекітілген  
«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Басқармасы туралы ережеге  
№ 2 қосымша

« \_\_\_\_\_ » мәселесі бойынша  
**«ҚОҚ» АҚ Басқармасы шешімінің жобасы**

Шешім жобасында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- ұсынылатын шешімнің тұжырымы (Басқарманың қарауына шығарылатын мәселеге байланысты анықталады);
- сол немесе ішкі құжатты жоғалтуға қою туралы ақпарат (Басқарманың қарауына шығарылатын мәселеге байланысты анықталады);
- мәселені кейіннен «ҚОҚ» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығару қажеттілігі (Басқарманың қарауына шығарылатын мәселеге байланысты анықталады);
- шешімнің күшіне ену күні.

Ескертпе:

Қандай да бір құжатқа өзгерістер (толықтырулар) бекітілген/енгізілген жағдайда шешім жобасында Басқарманың хаттамасының/шешімінің тиісті қосымшасына сілтеме жасау қажет. Қосымшалардың нөмірленуі көрсетілмейді - құжаттама электрондық құжат айналымын пайдалана отырып ресімделген жағдайда.

Мысалы,

1) «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Қағидалары осы хаттаманың № \_\_\_\_ қосымшасына сәйкес бекітілсін;

2) Басқарманың \_\_\_\_\_ № \_\_ шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Қағидаларына осы хаттаманың № \_\_\_\_ қосымшасына сәйкес редакцияда өзгерістер енгізілсін.

Құрылымдық бөлімшелердің шешім жобасына қол қою үлгісі:

Бөлімше \_\_\_\_\_ А.Ә.Т.  
басшысы (қолы)

Басқарманың жетекшілік \_\_\_\_\_ А.Ә.Т.  
ететін мүшесі (қолы)

Келісілді: \_\_\_\_\_ А.Ә.Т.»  
Заң бөлімшесінің \_\_\_\_\_  
басшысы (қолы)